



Қоғамдық Бірлестік

– жалпы мақсаттарға қол жеткізу үшін ерікті негізде құрылған азаматтардың бірлестігі, мысалы, саяси партиялар, кәсіподақтар және азаматтардың басқа бірлестіктері.

Қоғамдық бірлестіктер

```
graph TD; A[Қоғамдық бірлестіктер] --> B[Республикалық Бірлестіктер]; A --> C[Аймақтық қоғамдық бірлестіктер]; A --> D[Жергілікті бірлестіктер];
```

Республикалық Бірлестіктер – Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан астамының аумағында өзінің құрылымдық бөлімшелері (филиалдар және өкілдіктер) бар бірлестіктер.

Аймақтық қоғамдық бірлестіктер – Қазақстан Республикасы облыстарының жартысына дейін аумағында өзінің құрылымдық бөлімшелері (филиалдар және өкілдіктер) бар бірлестіктер.

Жергілікті бірлестіктер – бұл Қазақстан Республикасының бір облысының шегінде әрекет ететін бірлестік.

Қоғамдық бірлестіктердің мынадай түрлері болады:

- саяси партиялар;
- қоғамдық қозғалыстар;
- кәсіподақтар;
- әйелдер ұйымы;
- мүгедектер ұйымы;
- шығармашылық одақтар, т.б.

Саяси партия - мемлекеттік билікті қолға алуға немесе билік жүргізуге қатынасуға бағытталған, ортақ мүдде, бір идеология негізінде құрылған адамдардың ерікті одағы; қандай да бір таптың немесе оның қабатының мүдделерін көрсететін, белсенді және ұйымдастырылған бөлігі.

Алғашқы саяси партиялар Ежелгі Грекияда пайда болған. Ал қазіргі біздің түсінігіміздегі саяси партиялар Еуропада ХІХ ғ. ІІ жартысында пайда бола бастаған.

Демократиялық тәртіп жағдайында партиялар азаматтар, әлеуметтік топтар мен қоғам мүдделерін шынайы саяси үрдіске айналдыра алады.

Қоғамдық қозғалыс - қандай да бір қоғамдық мақсатты көздеуші азаматтардың ортақ әрекеті; белгілі бір қоғамдық өзгерістерге қарсылыққа немесе қолдауға бағытталған институцияланбаған қоғамдық күш жұмсау.

Кәсіби одақтар – өндірістегі және өндірістен тыс салалардағы қызметкерлерді біріктіретін, өз мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін құрылатын ерікті ұйымдар; қызметінің сипаты мен кәсіби мүдделерінің ортақтығына қарай ұйымдасқан азаматтардың бұқаралық ерікті қоғамдық бірлестіктері.